

№1 (20 918)
8 қаңтар,
2026 жыл, бейсенбі




Облыстық қоғамдық-саяси газет

- Atyrau.gazeti
- atyrau_gazeti@mail.ru
- Атырау газеті
- www.atr.kz
- «Атырау» газеті
- atyrau_gazeti
- Atyrau_news
- Атырау жаңалықтары

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҚАЗАҚСТАН ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ ҚАДАМ БАСТЫ



«TURKISTAN» ГАЗЕТІНДЕ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ОСЫ БАСЫЛЫМНЫҢ БАС РЕДАКТОРЫ, БЕЛГІЛІ АҚЫН, ПУБЛИЦИСТ БАУЫРЖАН БАБАЖАНҰЛЫНА БЕРГЕН КЕҢ КӨЛЕМДІ СҰХБАТЫ ЖАРИЯЛАНДЫ. ПРЕЗИДЕНТ ІШКІ ЖӨНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТ, ЕЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ ЖӨНЕ БАСҚА ДА ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫПТАРҒА ҚАТЫСТЫ СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРДІ.

(Толығырақ 2-5-беттерде)

ЫНТЫМАҚ

7

Бірлік пен келісімнің 30 жылы:
**Тұрақтылыққа
негізделген тарихи
жол**

БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

8

**Мақсат – айқын,
бағдар – нық**

Тағы бір жылды түгесіп, жаңа 2026 – Жылқы жылының табалдырығын атадық. Оның алда не дайындап қойғанын Алла біледі, ал біздің өткен жылға өкпеміз жоқ. «Атыраудың» шығармашылық ұжымы өткен жылды айтақаларлықтай жетістіктермен аяқтап отыр.

Өңірлерде

13

**СЫНАҚТАН
кейінгі серпін**

Жылыой ауданы – Қазақстанның мұнайлы картасындағы стратегиялық нүкте ғана емес, сындарлы сәттерде елдік пен бірліктің салмағын сезіндірген өңір. Адал еңбекке арқа сүйеп, өндірісті өркендеткен аудан соңғы жылдары әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа кезеңіне қадам басқандай...

*Бастама

2026 жыл – Цифрландыру және ЖИ жылы

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ 2026 ЖЫЛДЫ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӨНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ ДЕП ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ЖАРЛЫҚҚА ҚОЛ ҚОЙДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ АҚОРДАНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАДЫ.

Цифрландыруды одан әрі дамыту және жасанды интеллектті жаппай ендіру мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:


- 2026 жыл Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялансын.
- Қазақстан Республикасының Үкіметі Цифрландыру және жасанды интеллект жылын өткізу бойынша қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.
- Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Байланыс

Алыс ауылға – интернет

2027 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ 99 ПАЙЫЗЫ ЖОҒАРЫ ЖЫЛДАМДЫҚТЫ ИНТЕРНЕТПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕЛЕДІ. БҰЛ ТУРАЛЫ ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫНДА ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ ОРЫНБАСАРЫ ӘРІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӨНЕ ЦИФРЛЫҚ ДАМУ МИНИСТРІ МӘЛІМДЕДІ.

Жаслан Мәдиев алдағы екі жылда үш мыңнан астам ауыл интернетке талшықты-оптикалық байланыс желілері арқылы қосылатынын айтты. Бұл Президенттің азаматтардың цифрлық қызметтерге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларын орындау



шеңберінде жүзеге асады. Сонымен қатар ауылдық жерлердегі үйлерге оптика желісін жеткізу бойынша «соңғы миль» жобасы жүзеге асырылуда. Жоба аясында 400 мыңға дейін үй шаруашылығына оптика құрылысын салу көзделіп отыр.

*Жазымды жаңалық

Теңіз түбінен тартылатын кабель

КАСПИЙ ТЕҢІЗІ ТҮБІНЕН ТАРТЫЛАТЫН ОПТИКАЛЫҚ КАБЕЛЬДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ. ЖОБАНЫ ЖЫЛ АЯҒЫНА ҚАРАЙ АЯҚТАУ ЖОСПАРЛАНҒАН.

Сала министрінің межесі – 3 желтоқсан. Халықаралық интернет-трафик транзиті Әзербайжан арқылы өтеді. Мұны Еуропа мен Азия арасындағы жаңа цифрлық телекоммуникациялық дәліз деуге де болады.

– Соған қарай стратегиялық мәртебеге ие, – деді Жаслан Мәдиев.

Өз тілшіміз

*Халық пен нарық

БАҚЫЛАМАСА, БАҒА шарықтайды

ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫ ӨСКЕНІМЕН, ӨҢІРДЕП САУДА ОРТАЛЫҚТАРЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТҮРЛЕРІНІҢ БАҒАСЫ ТҰРАҚТЫ. ҚАЗІР «АТЫРАУ» ӘЛЕУМЕТТІК-КӘСІПКЕРЛІК КОРПОРАЦИЯСЫНЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН АШЫЛҒАН САУДА НҮКТЕЛЕРІНДЕ 1 КЕЛІ КАРТОП – 180 ТЕҢГЕ, ПИЯЗ – 131 ТЕҢГЕ, СӨБІЗ – 152 ТЕҢГЕ, ҚЫРЫҚҚАБАТ 142 ТЕҢГЕДЕН САТЫЛУДА. МАМАНДАРДЫҢ АЙТУЫНША, БИЫДАН БАСТАП ХАЛЫҚҚА ҚОЛЖЕТІМДІ БАҒАМЕН ҰСЫНЫЛЫП, ҰДАЙЫ БАҚЫЛАУДА БОЛАТЫН ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТҮРЛЕРІНІҢ САНЫ 19-ДАН 31-ГЕ ДЕЙІН АРТЫП ОТЫР. Яғни ұн, қант, күріш секілді тауарлармен қатар тартылған ет, алма секілді тағам түрлері қосылған.

Бүгінде тұрақтандыру қорында 9871 тонна көкөніс бар. Мамандар оның атыраулықтарды мамыр айына дейін жергілікті өніммен қамтуға жететініне сендіріп отыр. Жакында облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы жергілікті БАҚ өкілдеріне баспасөз турын өткізіп, қаладағы бірнеше сауда орны мен азық-түлік қорын сақтайтын қоймаларды аралаған болатын. Басты мақсат – бағаны бақылауда ұстау.

(Соңы 11-бетте)

